


# ЛЕГКАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ

январь 2023 г.

  
**16,2**  
МЛРД ТГ



  
**111,3%**  
ИФО

■ Текстиль ■ Одежда ■ Кожа и обувь

**\$89,2**  
МЛН  


**ЭКСПОРТ**




**РЫНОК**

**\$3 022**  
МЛН  


**ИМПОРТ**

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-декабрь 2022 г.



**ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ**

## 2023 ж. қаңтардағы жеңіл өнеркәсіп

Жеңіл өнеркәсіп өнімі өндірісінің көлемі **2023 жылғы қаңтарда 16,2 млрд теңгені** құрады, бұл, номиналды көріністе 2022 жылғы осы кезеңдегі деңгейден **62% жоғары**. Өсу текстиль өнімдері өндірісінде байқалады (+91,5%), сондай-ақ, былғары және оған жататын өнім (3,5 есе). Киім өндірісінде төмендеу (-2,7%) байқалады.

Жеңіл өнеркәсіп өнімінің **физикалық көлемінің индексі** 2022 жылғы қаңтарда 2023 жылғы қаңтармен салыстырғанда **111,3%** құрады. ФКИ өсуі текстиль бұйымдары өндірісінде (125,5%), былғары және оған жататын өнімдер өндірісінде (114,7%), төмендеу – киім өндірісінің ішкі саласында (86,2%) байқалады.

**Текстиль өнімі өндірісінде (+25,5%)**: текстиль өнеркәсібінің төмендегі тауарлары бойынша ең жоғары өсу болды: мақта, кардо- және таралған 2,5 есе,

мақта жіп (*тігін жібінен басқа*) 3,5 есе, мақта мата 12%, жасанды жіптен жасалған мата (*жоғары сапалы вискоза жіптерден жасалған маталарды қоспағанда*) 30%, төсек орын жабдығы 4,1 есе, киімнен басқа, тоқылмаған материалдар және тоқылмаған материалдардан жасалған бұйымдар 3,3 есе.

**Былғары және оған жататын өнім өндірісінде (+14,7%)**: ең жоғары өсу: түксіз ірі қара малдың терісінен жасалған былғары 2,7 есе, тұмсықты қорғайтын металл қалпақшасы бар аяқ киімді қоспағанда резеңкеден немесе полимерлі материалдардан жасалған табаны мен үстіңгі жағы бар су өткізбейтін аяқ киім 9,9 есе, спорттық аяқ киімдерден басқа, үстіңгі жағы былғарыдан жасалған аяқ киім, тұмсықты қорғайтын металл қалпақшасы бар аяқ киім және әртүрлі үлгідегі арнайы аяқ киім 57%.

**Киім өндірісінде (-13,8%)**: осы сектордың төмендегі тауарларында төмендеу байқалады: жиынтықтар, ерлерге немесе ұл балаларға арналған жұмыс курткалары мен пиджактар 37,6%, ерлерге және ұл балаларға арналған шалбарлар, комбинезондар, жұмысқа арналған бриджи 45,6 %, ерлерге және ұл балаларға арналған шалбарлар, комбинезондар, бриджи және шорты (*трикотаждан басқа*) 63,5%, әйелдерге және қыз балаларға арналған майкалар мен фуфайкалар, комбинациялар, юбкалар, трусы, панталондар, күртелер, пижамалар, халаттар және трикотаждан басқа осыған ұқсас бұйымдар 30%, фетр, киіз немесе тоқылмаған материалдардан жасалған киім 40%.

Жеңіл өнеркәсіп өнімі **экспортының көлемі 2022 жылғы қаңтар-желтоқсанда 89,2 млн АҚШ долл.** құрады, бұл, 2021 жылғы осы кезеңнен **6% жоғары**. Киім тауарларында 74,7% экспорттың ұлғаюы байқалады. Алайда, экспорттық жеткізулердің қысқаруы төмендегі тауарларда байқалады: текстиль өнімі 5,3%, былғары және оған жататын өнім 18,7%, полиэтилен немесе полипропиленнен жасалған қаптар мен пакеттер 19%; иленген былғары немесе дымқыл күйде ірі қара мал терісінен алынған

қыртысты былғары 24%; м/м төсек орын жабдығы 56%; 85 % немесе одан да артық мақтадан тұратын м/м мата 51%.

Негізгі экспорттаушы елдер: Ресей, Қытай, Түркия.

Жеңіл өнеркәсіп өнімі **импортының көлемі** 2022 жылғы қаңтар-желтоқсанда 3 021,7 млн АҚШ долл. құрады, бұл, осындай кезеңмен салыстырғанда 38% жоғары.

Тауарлар импорты тұтынушылық белсенділіктің қалпына келуі және кейінгі қалдырылған ішкі сұраныс жағдайында өсуде.

Импорт жеткізулердің өсуі жеңіл өнеркәсіптің төмендегі ішкі салаларында байқалады: текстиль бұйымдары (+9,9%), киім (+19%), ал, былғары және оған жататын өнім өндірісінде төмендеу бар (-3,6%). Негізгі импорттаушы елдер: Қытай, Түркия, Ресей.

2022 жылғы қаңтар-желтоқсанда ҚР **жеңіл өнеркәсібі нарығының көлемі 3 319 млн АҚШ долл. (1 528 млрд теңге)** құрады, онда ОТӨ үлесі 9%, импорт өнім үлесі – 91%.

Сала төрт өңірде жоғары **аумақтық шоғырланумен** ерекшеленеді: Түркістан облысы, Шымкент қ., Алматы қ. және Ақмола облысы. Түркістан облысында жеңіл өнеркәсіп үлесі республика өндірісінің жалпы көлемінің 42% құрайды. Шымкент қ. - 14,9%, Алматы қ. - 9,5% және Ақмола облысында - 6,1%.